

- **Жас ғалымдар кеңесінің жалпы ережелері**

1. Жас ғалымдар кеңесі (университеттің ЖҒК) «Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеттің» КЕАҚ жас ғалымдарын оларды қолдау, жас ғалымдарды ғылыми-зерттеу, оқу және тәрбие қызметі мен әлеуметтік салада мүдделерін қорғау мақсатында біріктіреді.

2. ҚР БҒМ бұйрықтары мен нұсқаулық құжаттарына сәйкес жас ғалымдар кеңесі қызметін жас ғалымдар мен студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру бойынша университеттің барлық бөлімшелерінің іс-қимылын үйлестіретін басқарушы қоғамдық орган болып табылады.

3. ЖҒК ОҚМПУ басқарма төрағасы - ректорының бұйрығымен ұйымдастырылады.

4. Өз қызметінде ЖҒК университет Жарғысы мен аталған ережені басшылыққа алады.

5. Университеттің ЖҒК мүшелері болып 35 жасқа дейінгі жас ғалымдармен мамандар табылуы мүмкін.

6. Университеттің ЖҒК қызметінде ғылыми тұрғыда кеңес беру мақсатында ҚР, ТМД ғалымдары тартылуы мүмкін. ЖҒК Ғылыми кеңеспен тығыз байланыста жұмыс жасайды.

7. ЖҒК мүшелерінің өз функцияларын орындауы өтеусіз негізде жүзеге асырылады.

8. ЖҒК туралы ережесіне өзгерісті Ғылыми-зерттеу жұмыстары мен студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстары жөніндегі бөлімінің басшысы «Өзгерістерді тіркеу парағына» міндетті түрде белгі қою арқылы өзгеріс енгізеді (Б қосымшасы).

9. ЖҒК материалдық-техникалық қамтамасыз етілуі ҚР СТ 1158-2002 Жоғары кәсіби білім беру. Білім беру ұйымының материалдық-техникалық базасы талаптарына сәйкес келеді.